



**Жер салығын есептеу және төлеу тәртібі туралы" 1995 жылғы 27 маусымдағы N 34 нұсқаулығына өзгеріс және толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997 жылғы 21 сәуірдегі N 80 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 23 мамырда тіркелді. Тіркеу N 43. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Мемлекеттік кіріс министрінің  
2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209\_ Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына  
с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

25. "Жер салығын есептеу және төлеу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының N 34 Нұсқаулығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің 1997 жылғы 21 сәуірдегі N 80 V970043\_ бұйрығы. -----

Қазақстан Республикасы Қаржы

министрлігі Салық комитетінің  
1997 жылғы 21 сәуірдегі N 80  
бұйрығына N 1 қосымша

"Жер салығын есептеу және төлеу тәртібі туралы" 1995 жылғы 27 маусымдағы N 34 нұсқаулығына өзгеріс және толықтыру енгізу

1. 62 тармақтың XIV тарауы мынадай мазмұндағы 8 тармақшамен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетімен шарттасқан контрактіге сәйкес салық төлеушілер: осы нұсқаулықтың 24, 27, 35 тармақтарының негізгі ставкаларына сәйкес контракт жасасқан күннен 5 жылғы мерзімге дейін 100%; басқа мерзімге дейін осы нұсқаулықтың 24, 27, 35 тармақтарының негізгі ставкаларына сәйкес контракт жасасқан күннен 5 жылғы мерзімге дейін 50%. Жер салығы бойынша жеңілдік берудің нақты мерзімі мен мөлшері әрбір

салық төлеушіге контракт бойынша басымдылығына, жағдайының уақытына және

жобаның пайдалылығына байланысты белгіленеді.

Осыған байланысты жеңілдік берілген контрактіні бұзған кезде, жер салығы есептеуге және салық төлеушінің барлық қызмет мерзіміндегі Қазақстан Республикасының салық заңында көзделген тиісті айыппұл санкциясын қолданып бюджетке төлемі жатады, яғни әрбір ұзартылған күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген қосымша қаржы ставкасының 1,5 есе мөлшеріндегі өсімі есептеліп жер салығының барлық сомасы өндіріліп алынады".

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі Салық  
комитетінің төрағасы